

БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ЖОСПАРЛАР

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫМЕН ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ресми дерекке сүйенсек, шаһарда 59 мың адам тұрады. Алайда нақты көрсеткіш бойынша тұрғындар саны 100 мыңнан асып жығылады. Топшылауымызша, енді он жыл ішінде қалаға қоныстанушылардың қарасы 150 мыңға жетуі мүмкін. Сол себепті Бас жоспарда аумақты кеңейтуге, жаңғыртуға және жаңадан инфрақұрылымдар салуға ерекше назар аударылып отыр.



Қосшы әкімі Азамат Қапышев Премьер-Министр О.Бектеновке шаһардың тұрғын үй қорын кеңейту, жаңа әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар ашу, сауықтыру аймақтарын дамыту және тағы басқа да іс-шаралар жүзеге асырылатынын жеткізді. Әкімнің айтуынша, алдағы жылдары бірнеше жаңа әлеуметтік нысандардың бой көтеруі тиіс: 31 балабақша, 16 мектеп, облыстық аурухана және бірнеше емхана құрылуы жоспарланған. Сонымен қатар тұрғын үй қорын кеңейту мақсатында 360 гектардан астам аумақ көпқабатты үйлерді салу үшін бөлінген. Инженерлік желілер мен көлік инфрақұрылымы жаңартылып, қосымша қуат көздері мен коммуналдық қызметтер енгізілетін болады. Бас жоспарда халық санының ұлғаюына байланысты қажеттіліктерді толықтай қамтамасыз ету талабы ескерілген.

Алғашқы кезеңдерде қалаға газ тарту жұмыстары қолға алынбақ. 2024 жылы «Сарыарқа» газ құбыры арқылы көгілдір отын жеткізу жұмыстары басталды, ол 2026 жылы толық аяқталмақ. Жаңа қазандықтар мен электр стансалары салынатын болады. Бұл инфрақұрылымдық жобалар қала тіршілігін жақсартуға және тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қосшының әлеуметтік-мәдени дамуына да айрықша көңіл бөлінуде. Қалада жасыл желектер отырғызу үшін

132,5 гектар жер бөлініп, саябақтар мен спорт алаңдары, балалар ойын алаңдары, мәдениет үйлері мен спорт мектептері бой көтереді. Келешекте осы ойластырған жобалар түгелдей жүзеге асырылған жағдайда Қосшы қаласы әлеуметтік тұрғыдан да, экономикалық жағынан да дамыған аймаққа айналуы сөзсіз. Бұл ірі жобалар қала халқының әл-ауқатын арттырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор ықпал ететін болады.

Премьер-Министр Олжас Бектенов қаладағы салынып өрт сөндіру депосына да барды. Оның құрылысы басталғанына 4 жыл өткенмен, қазірге дейін ғимараттың тек 60%-ы ғана аяқталған. Олжас Бектенов одан басқа қосымша қаржы қарастырылмайтынын, қаражат тек ЖСҚ-ға енгізілген сома шегінде бөлінетінін ескертті. Сондай-ақ мердігерлік ұйымға жақын арада құрылыс жұмыстарын жеделдетіп аяқтауды тапсырды.

Одан бөлек, «Сирень бағы» тұрғын үй кешеніндегі 537 үлескердің көп жылдардан бері шешілмей келе жатқан түйткілдері де назардан тыс қалмады. Бұл кешеннің тұрғындары көптен күткен баспанаға қол жеткізу үшін кейінгі бірнеше жыл бойы әділдік іздеп, дау-дамайлар мен қиындықтармен күресіп келеді. Ал, енді жаңа мердігер өз міндеттемелерін орындап, қала күніне орай 106 отбасына пәтер кілтін тапсыруды уәде етті. Қалған 209 отбасы да жақын арада жаңа

баспаналарына қоныстанатын болады.

Бұл оқиғалар тек құрылыс саласындағы жағдайды ғана емес, сондай-ақ халықтың әлеуметтік тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған шаралардың қаншалықты өзекті екенін көрсетеді. Сонымен қатар өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев заңнаманы жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты, бұл өз кезегінде құрылыс саласындағы проблемаларды болашақта тиімді шешуге мүмкіндік бермек.

Қосшы қаласына жасаған жұмыс сапары барысында Премьер-Министр жаңа көпсалалы аурухана құрылысымен де танысты. Бұл медициналық мекеме Ақмола облысы мен Астана маңындағы жеті ауданның тұрғындарына қызмет көрсететін маңызды нысан болмақ. Аурухананың 350 орынды стационары мен күніне 1 000 адамға дейін қабылдай алатын емханасы өңірдегі денсаулық сақтау жүйесінің жүктемесін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қосшы тұрғындарына мемлекеттік және жеке емханаларда тек 250 келушіге дейін медициналық көмек көрсетіледі, ал соңғы екі жылда қала халқының саны 24 мыңнан 42 мыңға дейін өскен. Бұл өз кезегінде медициналық қызметке деген сұранысты арттырды, ал жаңа аурухана құрылысымен бұл мәселе шешілмек.

Көпсалалы аурухананың ішінде хирургия, травматология, кардиохирургия, нейрохирургия, онкология мен химиотерапия бөлімшелері жұмыс істейді. Бұдан бөлек, медицина қызметкерлеріне арналған екі көпқабатты тұрғын үй мен қала сыртынан келген науқастар үшін пансионат құрылысын салу да қарастырылған. Бұл шаралар аурухана қызметінің сапасын арттырып, науқастар мен медициналық мамандар үшін қолайлы жағдай туғызады.

Аурухана құрылысы жеке инвестиция арқылы жүзеге асуда: Viamedis компаниясы 28 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсайды, оның 9 миллиард теңгесі Siemens компаниясынан заманауи медициналық жабдықтар сатып алуға бағытталмақ. Құрылыс жұмыстарына 200-ге жуық адам жұмылдырылған, ал барлық құрылыс материалдары негізінен отандық өндірушілерден сатып алынуда. Емхана 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға берілсе, стационар 2026 жылы толық іске қосылады.

Бұл жобаның маңызы тек Қосшы мен Ақмола облысының тұрғындары үшін ғана емес, жалпы өңірдің медициналық инфрақұрылымын жаңғырту тұрғысынан да зор. Жаңа аурухана осы жұмыстардың бір бөлігі ретінде өңірде денсаулық сақтау қызметінің деңгейін көтеруге үлкен үлес қосатын болады.

Дәулет АСАУ

Janabastau

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫП

IPHONE 16 PRO MAX

ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!



Қалай жазылуға болады?

1.Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → Janabastau (Kaspi.kz → Платежи → Подписка на СМИ → Janabastau) немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!

2.Жазылым туралы чекті WhatsApp +7 707 480 1149 нөміріне жолдаңыз!

Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында тікелей эфирде, РАНДОМУС әдісі арқылы анықталады!

• 28 наурызға 7000 тг / 12 ай

• Наурыз 7 наурызға дейін!

Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!

Толық ақпарат: @janabastau.kz (Instagram) | Құрастырғы WhatsApp: +7 707 480 1149

БАСПАСӨЗ – 2025

«JANABASTAU» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫП,
IPHONE 16 PRO MAX ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!

8 НАУРЫЗҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ
СҢЙЛЫҚ!

Қосшы қаласының басты жаңалықтары
Өзекті тақырыптар мен сараптамалар

Жазылым: 7000 тг / 12 ай
Науқан 7 наурызға дейін!

Қалай жазылуға болады?
Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → Janabastau (Kaspi.kz → Платежи → Подписка на СМИ → Janabastau) немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!

Жазылым туралы чекті WhatsApp +7 707 480 1149 нөміріне жолдаңыз!

Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ РАНДОМУС әдісі арқылы анықталады!

Толық ақпарат: @janabastau.kz (Instagram)

Сұрақтар: WhatsApp нөмір +7 707 480 1149

Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті



Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРЛІГІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

Мамбетын С.арнақов
Комитет басшысы

ПРИКАЗ

№ 16-НҚ
г.Косшы

Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына
Қосшы қаласының тарату желілері бойынша су беру жөніндегі
реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді, тарифті
және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
8-бабы 10), 12) тармақшаларына және 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына,
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының
3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді
қалыптастыру Қағидасының 303-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2025 жылғы 1 наурыздан
бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қосшы қаласының тарату желілері
бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған
тарифтер;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қосшы қаласының тарату желілері
бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі мен
тарифтік смета.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағы қолданысқа енгізіле отырып, «Қосшы
қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына жеңілдетілген тәртіппен Қосшы
қаласының тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін
қызметтің сараланған тарифтерін, тарифін және тарифтік сметасын бекіту
туралы».

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи
монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің
табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі (А.Хасенова) осы бұйрықты
Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

0002479

2

4. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
20-бабының 6-тармағын орындау үшін Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы
«Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен
кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Ақмола
облысы бойынша департаменті басшы орынбасарының міндетін атқарушы
А. Шевченкоға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Қуандықұлы



3



Субъектінің атауы: Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы "Қосшы Су" ШЖҚ МКК

Қосшы қаласының тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметке сараланған тарифтер

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Үлкендігі орган бекітті
Орташа түсім тариф		тенге/м3	155,21
1 топ	халықтың саянатына жататын жеке тұрғындар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына сула тұтыну көлемінің шектерінде және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) көрсетіледі/қолданылады, бекітілген нормативтік техникалық ысыратардың көлемі шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын кәсіпорындар және сумен жабдықтау және (немесе) су беру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар	тенге/м3	141,14
1 кіші топ	1 адамға айына 3 м3 дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық саянатына жататын жеке тұрғындар	тенге/м3	141,14
2 кіші топ	1 адамға айына 3 м3-тен 5 м3-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық саянатына жататын жеке тұрғындар	тенге/м3	169,37
3 кіші топ	1 адамға айына 5 м3-тен 10 м3-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық саянатына жататын жеке тұрғындар, 1 адамға айына 5 м3-тен 10 м3-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық саянатына жататын жеке тұрғындарға су тұтыну көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, ұйымдар жылу энергиясын өндірумен айналысатындар, ыстық сумен жабдықтау қызметтерін (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) ұсыну кезінде жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына арналған сула тұтыну көлемдері шегінде, жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемі шегінде және сумен жабдықтау және (немесе) су беру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар	тенге/м3	211,71
4 кіші топ	1 адамға айына 10 м3 жоғары реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық саянатына жататын жеке тұрғындар және жеке өсіске алу аспаптары жоқ жеке тұрғындар	тенге/м3	282,28
2 топ	Басқа тұтынушылар-тұтынушылардың 1 және 3 тобына кірмейтін заңды тұрғындар	тенге/м3	218,99
3 топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсылатын ұйымдар	тенге/м3	328,52

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРЛІГІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

В.Федорина А.А.Басова
Комитет басшысы

ПРИКАЗ

№ 16-ОД
г.Косшы

Об утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной
сметы на регулируемые услуги по подаче воды по распределительным
сетям города Косшы государственному коммунальному предприятию на
праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы

В соответствии с подпунктами 10), 12) статьи 8 и подпунктом 4) пункта 1
статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях»,
пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» и
пунктом 303 Правил формирования тарифов, утвержденных Приказом
Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019
года № 90, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить государственному коммунальному предприятию на праве
хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы, с вводом в
действие с 1 марта 2025 года:

1) дифференцированные тарифы на регулируемую услугу по подаче воды
по распределительным сетям города Косшы, согласно приложению 1 к
настоящему приказу;

2) тариф и тарифную смету на регулируемую услугу по подаче воды по
распределительным сетям города Косшы, согласно приложению 2 к
настоящему приказу.

2. С введением в действие пункта 1 настоящего приказа считать
утратившим силу приказ РГУ «Департамент Комитета по регулированию
естественных монополий Министерства национальной экономики Республики
Казахстан по Акмолинской области» №200-ОД от 1 декабря 2022 года «Об
утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной сметы на
регулируемую услугу по подаче воды по распределительным сетям города
Косшы в упрощенном порядке государственному коммунальному предприятию
на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы».

3. Отделу регулирования естественных монополий и цен (А. Хасенова)
Департамента Комитета по регулированию естественных монополий
Министерства национальной экономики Республики Казахстан по
Акмолинской области довести настоящий приказ до сведения государственного

0002478

2

коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при
акимате города Косшы.

4. Государственному коммунальному предприятию на праве
хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы во
исполнение пункта 6 статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных
монополиях», довести до сведения потребителей о введении тарифа не позднее,
чем за пять календарных дней до введения их в действие.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на
исполняющего обязанности заместителя руководителя Департамента Комитета
по регулированию естественных монополий Министерства национальной
экономики Республики Казахстан по Акмолинской области А. Шевченко.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Руководитель

А. Қуандықұлы



3



Наименование субъекта: ГКП на ПХВ "Косшы Су" при акимате города Косшы

Дифференцированные тарифы на услугу по подаче воды по распределительным сетям города Косшы

№	Наименование	Единица измерения	Утверждено уполномоченным органом
Среднеотвеченный тариф		тенге/м3	155,21
1 группа	физические лица, относящиеся к категории населения, предприятия, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объема потребления воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемам поставки при предоставлении услуг горячего водоснабжения (при открытой системе горячего водоснабжения), предприятия, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объема утвержденных нормативных технических потерь и организации, предоставляющие регулируемые услуги в сфере водоснабжения и (или) водоотведения	тенге/м3	141,14
1 подгруппа	Физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги до 3 м3 в мес на 1 человека	тенге/м3 *	141,14
2 подгруппа	Физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги свыше 3 м3 до 5 м3 в мес на 1 человека	тенге/м3	169,37
3 подгруппа	физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги свыше 5 м3 до 10 м3 в мес на 1 человека, организации, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объема потребления воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемам поставки при предоставлении услуг горячего водоснабжения (при открытой системе горячего водоснабжения), организации, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объема утвержденных нормативных технических потерь и организации, предоставляющие регулируемые услуги в сфере водоснабжения и (или) водоотведения	тенге/м3	211,71
4 подгруппа	Физические лица, относящиеся к категории населения, потребляющие регулируемые услуги свыше 10 м3 в мес на 1 человека и физические лица, не имеющие индивидуальных приборов учета	тенге/м3	282,28
2 группа	Прочие потребители- юридические лица, не входящие в 1 и 3 группы потребителей	тенге/м3	218,99
3 группа	Организации, содержащиеся за счет бюджетных средств	тенге/м3	328,52

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРЛІГІНІң ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІң АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

А.А.Басымов

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 14-КД

г.Кокшетау

Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Қосшы қаласының сарқынды суларын бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10), 12) тармақшаларына және 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру Қағидасының 303-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2025 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қосшы қаласының сарқынды суларын бұру жөніндегі қызметке сараланған тарифтер;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қосшы қаласының сарқынды суларын бұру жөніндегі қызметке тариф және тарифтік смета.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағы қолданысқа енгізіле отырып, «Қосшы қаласының әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына оңайлатылған тәртіппен Қосшы қаласының сарқынды суларын бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №201-НҚ бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі (А.Хасенова) осы бұйрықты

0002481

2

Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-тармағын орындау үшін Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Ақмола облысы бойынша департаменті басшы орынбасарының міндетін атқарушы А. Шевченкоға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



А. Куандықұлы

3



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 6 ақпандағы №17-НҚ бұйрығына 1-қосымша

Субъектінің атауы: Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы "Қосшы су" ШЖҚ МКК

Сарқынды суларын бұру жөніндегі қызметке сараланған тарифтер

№ р/с	Группы потребителей	Тұтынушылардың атауы	Өлшем бірлігі	Уәкілетті орган бекіткен
Среднеотпускной тариф			тенге/м3	155,66
1.	1- топ	жылу энергиясын өндірумен айналысатын жеке тұлғалар, ұйымдар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтынушылардың көлемі шегінде және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде), жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптардың көлемі шегінде және ыстық сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы қызметтер	тенге/м3	98,23
2.	2- кіші топ	басқа тұтынушылар - бірінші және үшінші топтың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар	тенге/м3	209,91
3.	3- топ	бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар	тенге/м3	1696,32

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРЛІГІНІң ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІң АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

6 февраля 2025 год

Кокшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 14-ОД

г.Кокшетау

Об утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной сметы на регулируемую услугу по отводу сточных вод города Косшы государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы

В соответствии с подпунктами 10), 12) статьи 8 и подпунктом 4) пункта 1 статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» и пунктом 303 Правил формирования тарифов, утвержденных Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы, с вводом в действие с 1 марта 2025 года:

1) дифференцированные тарифы на услугу по отводу сточных вод города Косшы, согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) тариф и тарифную смету на услугу по отводу сточных вод города Косшы, согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. С введением в действие пункта 1 настоящего приказа считать утратившим силу приказ РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» №201-ОД от 1 декабря 2022 года «Об утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной сметы на регулируемую услугу по отводу сточных вод города Косшы в упрощенном порядке государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы при акимате города Косшы».

3. Отделу регулирования естественных монополий и цен (А. Хасенова) Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области довести настоящий приказ до сведения государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы.

0002480

2

4. Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы во исполнение пункта 6 статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», довести до сведения потребителей о введении тарифа не позднее, чем за пять календарных дней до введения их в действие.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на исполняющего обязанности заместителя руководителя Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области А. Шевченко.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Руководитель



А. Куандықұлы

3



Приложение 1 к приказу Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области от 6 февраля 2025 года №17-ОД

Наименование субъекта: ГКП на ПХВ "Косшы су" при акимате города Косшы

Дифференцированные тарифы на услугу по отводу сточных вод

№ п/п	Группы потребителей	Наименование потребителей	Единица измерения	Утверждено уполномоченным органом
Среднеотпускной тариф			тенге/м3	155,66
1.	1- группа	физические лица, организации, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объемов потребителей воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемов подпитки при предоставлении услуг горячего водоснабжения (при открытой системе горячего водоснабжения), организации, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объемов утвержденных нормативных технических потерь и организации, предоставляющие регулируемые услуги в сфере водоснабжения и (или) водоотведения	тенге/м3	98,23
2.	2- группа	прочие потребители - юридические лица, не входящие в состав первой и третьей группы	тенге/м3	209,91
3.	3- группа	организации, содержащиеся за счет бюджетных средств	тенге/м3	1696,32

ХАБАРЛАНДЫРУ

20.01.2025 жылы Көкшетау қаласында Нургалиева Гулден Есимовнаның нөмері АО 25794 қызметтік куәлігі жоғалды. Жоғалған қызметтік куәлік жарамсыз және ешқандай заңды күші жоқ деп саналды. Құжатты тауып алған адамның 8 778 388 82 88 ұялы телефонына немесе құжаттың табылғанын ресми тіркеу мақсатында жергілікті полиция бөлімшесіне айтпесе басқа ресми органдарға хабарласуын өтінеміз.

Құжатты табу және заңды рәсімдерді орындау үшін барлық қажетті шаралар қабылдануда.

ТАЙТӨБЕЛІКТЕРДІ ТӘНТІ ЕТКЕН ӘН МЕРЕКЕСІ

«ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН» АТТЫ КОНЦЕРТ КӨПШІЛІКТІҢ КӨҢЛІНЕН ШЫҚТЫ

ӘН-ШАШУ

12 ақпан күні Тайтөбе ауылында әнсүйер қауымға жақсы танымал өнерпаздардың қатысуымен «Достығымыз жарасқан» атты концерт өтті. Талғамы жоғары тыңдармандарға әдемі көңіл-күй сыйлап, жан дүниелерін тербеткен ән мерекесі ауыл кешін ерекше көріктендіре түсті. Әдемі әуендер мен сүйікті әндер жанды дауыспен, шебер орындаушылықпен орындалып, тыңдарманның жүрегіне терең із қалдырды. Бұл концерт тек музыкалық кеш ғана емес, ұлттық мәдениетті насихаттайтын ерекше мерекеге айналды.



Тайтөбе ауылы Мәдениет үйінің жетекшісі Айбек Кеңес аталған шара тұрғындарды күнделікті күйкі тірліктің күйбеңінен бір сәт болса да арылтып, ән-күй тыңдап, алаңсыз демалып қайтулары үшін ұйымдас-тырылып отырғанын айтты.

Концерттің шымылдығын ашқан қазақ эстрадасының жас әншісі Құрал Молжанов болды. Ол қазақ сахнасында өнер жолын бастап жүрген сәтінен бері осы кезге дейін қоржынында 100-ге жуық ән барын айта кетті. Соның ішінде ел арасында танымал біраз әндерін орындап, халықтың қошеметіне бөленіп, өнерсүйер қауымды бірден әсерлі әуенімен баурап алды.

Концерттің шырайын келтірген тағы бір қазақ сахнасына танымал көптеген әндердің авторы Қайнар Алағөзов домбырасын қолына алып, ақындық өнерімен жұртқа арнау арнап, кештің сәнін келтірді.

Әрі қарай әнші Құрал Молжанов кеш тізгінін алып, той әндерінен шашу шашты. Сазды әуеннің сиқырына тебіренген тойшыл қауым

орындарынан тұрып кетіп, жақсы-лап бір билеп алды.

Әнші Құрал Молжановтың көңілді әндері мен ақын Қайнар Алағөзовтің қара өлеңдері кезек алмаса орындалып, халықты бірде билетсе, бірде жұрт сілтідей тына қалған тұңғық тыныштықты жарып шыққан қара өлеңнің құдіретін сезіндірді.

Қағытпа қалжыңмен қара өлеңнің қаспағын қырған ақын әрі әнші Қайнар жұрттың көңілін көтеріп, күлкіге қарық қылды. Сонымен қатар ақын Қосшы қаласына да, осы Тайтөбе ауылына да алғаш келгендігін айта отырып: «Қалаға қарағанда ауылда қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, бұл екі ортаның қонақжайлығы мен құрметі екі бөлек екен», деп ағынан жарылды. Ақын өзінің соңында осылай құрмет-қошеметпен қарсы алып жатқан ауыл тұрғындарына алғыс айтты.

Сонымен қатар кеште әнші Әлихан Дүйсенбайұлы да өнерін көрсетті. Негізінде, ол ғана емес, жалпы сахна төрінде орындалған ән-

дердің барлығы дерлік ақын Қайнар Алағөзовтің сөздеріне жазылғандығы айтылып жатты.

Концерт соңында сазды кешті ұйымдастырушылар әнші Құрал Молжанов әкесін сахна төріне шақырып, атамыз баршаға арнап, батасын берді. Одан бөлек, көрермендер ортасынан суырылып шыққан Райхан апа: «Өзім өнерді сүйетін жанмын. Осындай керемет кешті ұйымдастырып, әсем әуенмен жүректі тербеп, керемет көңіл-күй сыйлағандарыңа көп рақмет. Тек осындай қуаныш-қызық көп болсын, өнер жолында қанаттарың талмасын», деп әншілерге ізгі тілегін білдірді.

Кеш соңында сахнада өнер көрсеткен әншілердің бәрі қосылып «Достығымыз жарасқан» әнін орындап, көрерменнің көңіл қуанышын одан бетер үдете түсті. Бұл концерт тайтөбеліктер көпке дейін ұмыта қоймайтын тойға бергісіз тамаша бір мерекеге айналды.

Асылжан КҮНТУҒАН

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Дәулет АСАУБас редактордың орынбасары
Гүлнәз БИСЕНВеб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВАЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Майгүл ХАРИҒАЗЫ

Номердің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА,

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:

Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:

тел.: +7 (701) 709-88-82



Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.



janabastau2022@gmail.com



www.janabastau.kz